



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

«22» шілде 2025 ж

№ 510

«Мектепке жол» акциясын өткізу туралы

Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңының 65-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2025 жылғы 9 шілдедегі хаты негізінде, балаларды есепке алуды және оқумен толық қамтуды тиісінше қамтамасыз ету, оқу жылының басына дайындық кезінде аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

Аудандық білім мекемелерінің директорларына:

1. 2025 жылғы 1 тамыздан 30 қыркүйек аралығында аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға жаңа оқу жылына дайындыққа және 1 қыркүйекте әлеуметтік себептер бойынша мектепке келмей қалудың алдын алуына бағытталған «Мектепке жол» акциясын өткізсін.
2. Шал ақын ауданы әкімдігі бекіткен "Мектепке жол" жалпы республикалық қайырымдылық акциясын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі аудандық іс-шаралар жоспары орындалсын.
3. Педагогикалық ұжымдар, ата-ана қауымы және құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен мектептердің шағын учаскелерін үй-үйді аралауды өткізу бойынша және оқытумен қамтылмаған балалар және жас өспірімдерді анықтау бойынша рейдтер іс-шаралар өткізу жөніндегі бірігіп жұмыс ұйымдастырылсын, 9 сынып түлектерін еңбекпен қамтуға ерекше көңіл бөлінсін.
4. Кәсіпорындар және атқарушы орган ұйымдарының жетекшілері аз қамтылған немесе көпбалалы отбасыдан шыққан оқушыларды оқу құралдарымен, киім-кешек, аяқ киіммен қамтамасыз ету бойынша практикалық жәрдем көрсетуге бекітілсін (келесім бойынша).
5. Оқушылардың сабаққа келуін қатаң бақылауға алсын, оқушыларды ыстық қоғамдық тамақпен қамтамасыз етсін. Көп балалы отбасы және ата-анасының қарауысыз қалған балалардың, бастауыш сынып оқушыларының тамақтануына ерекше көңіл бөлсін. Алыс елді-мекендерде тұратын оқушыларды мектепке дейін және үйге кері жеткізуді ұйымдастырсын.
6. Акцияның өту барысын бұқаралық ақпарат құралдарында көрсету бойынша шара қабылдансын.
7. Мектеп жасындағы балаларды оқумен қамту мәселесі бойынша педагогикалық кеңестер өткізсін.

8. Акцияны өткізу бойынша іс-шаралар жоспары аудан әкімі орынбасарының қолымен білім басқармасына ағымдағы жылдың 1 тамызына дейін жіберілсін.
9. Акцияның өтуі туралы аралық ақпаратты
10. ағымдағы жылдың 4, 14, 24 тамыз және 4, 14, 24 қыркүйек күндері білім бөлімінің Zubkova2008@mail.ru электрондық мекен-жайына жолдасын.
11. Акцияның өткізілу қорытындысы туралы ақпарат аналитикалық хатпен, фото-материалдармен және БАҚ шыққан материалдардың көшірмелерімен қоса білім басқармасына 2025 жылғы 24 қыркүйегіне дейін жіберілсін.
12. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің бас маманы Е. А. Зубковаға жүктелсін..

Негізі: "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" КММ от 14.07.2025 жылғы № 1062 бұйрығы хаты.

Басшының м.а.

Е.Зуб



Е.Зубкова